



«БЕКІТЕМІН»

«СКМА» АҚ ректоры

Ж. Сейтжанова

2025ж.



SOUTH KAZAKHSTAN
**MEDICAL
ACADEMY**

РЕЗИДЕНТУРАНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

7R01132

«АКУШЕРИЯ ЖӘНЕ ГИНЕКОЛОГИЯ (ЕРЕСЕКТЕР, БАЛАЛАР)»

Шымкент, 2025

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Акушерлік және гинекология кафедрасы	34/9	
Білім беру бағдарламасы 7R01132 «Акушерия және гинекология (ересектер, балалар)»	28 беттің 1-беті	

7R01132 «Акушерия және гинекология (ересектер, балалар)» білім беру бағдарламасы
«Акушерлік және гинекология» кафедрасы мүшелерімен әзірленген.

Кафедра меңгерушісі м.а., м.ғ.к. Р. Тлеужан Тлеужан Р.Т
Хаттама № 10 « 18 » « 04 » 2025ж.

Жұмыс берушілермен келісілген:

ШЖК «Қалалық перзентхана»

МКК бас дәрігері

Кенжебаева М.У.

Хирургиялық профиль бойынша АҚ отырысында талқылانған.

АҚ төрағасы, м.ғ.к., доц.м.а. *

Калдыгозова Г.Е.

Хаттама № 4 « 21 » « 04 » 2025ж.

Клиникалық Кеңеспен мақұлданған.


Төрағасы, профессор

Нурмашев Б.К.

Хаттама № 8 « 25 » « 04 » 2025ж.

Ғылыми Кеңеспен бекітілген.

Хаттама № 13 « 02 » « 05 » 2025ж.

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Акушерлік және гинекология кафедрасы		34/9
Білім беру бағдарламасы 7R01132 «Акушерия және гинекология (ересектер, балалар)»		28 беттің 2-беті

Білім беру бағдарламасының паспорты

1. Білім беру бағдарламасының миссиясы: Өзін-өзі жетілдіруге және дәрігерлік және ғылыми зерттеулер жүргізуге қабілетті жоғары мамандандырылған және бәсекеге қабілетті акушер-гинекологтарды даярлау.

2. Білім беру бағдарламасының мақсаты: Біріншілік медициналық-санитарлық көмек, мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық көмек жағдайларында жеке мамандандырылған қызмет үшін дайын және қабілетті, әмбебап жүйелі, кәсіби құзыреттілік біліктілігі бар жетілдірілген акушер-гинеколог дәрігерін даярлау.

3. Білім беру бағдарламасына негіздеме:

Акушерлік және гинекология - бұл әйелдердің ұрпақты болу жүйесі мен жүктілігімен айналысатын медицинаның өзара байланысты, бірақ тәуелсіз салалары. Гинекология әйел жыныс мүшелерінің ауруларын, соның ішінде эндокриндік және қабыну процестерін зерттейді және емдейді, ал акушерлік жүктілікке, босануға және босанғаннан кейінгі кезеңге бағытталған. Акушерлік (французша "accoucher" сөзінен "босануға көмектесу" дегенді білдіреді) және гинекология (грекше "gyne" - әйел және "logos" - ғылым, сөзбе - сөз "әйелді зерттеу") екі бөлек, бірақ өзара байланысты медициналық пәндер. Акушерліктің негізгі міндеті-босанудың заманауи әдістерін, ана мен ұрықтың асқынуларының алдын-алуды, сондай-ақ жүктілік, босану және босанғаннан кейінгі патологияны емдеу принциптерін әзірлеу. Гинекологияның негізгі міндеті-әйелдердің ұрпақты болу жүйесінің денсаулығын сақтау, соның ішінде әртүрлі ауруларды диагностикалау, емдеу және алдын алу. Акушер-гинекологтар әйелдер өмірінің негізгі салаларында жоғары білікті мамандандырылған көмек көрсетеді, бұл сапалы медициналық көмек көрсету үшін осы салада оқытуды маңызды етеді.

4. Білім беру бағдарламасын әзірлеуге арналған нормативтік құжаттар

-«Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 04.07.2022ж. № ҚР ДСМ-63 бұйрығы

- Кәсіптік стандарт «Акушерия және гинекология (ересектер, балалар)» («Денсаулық сақтау саласындағы кәсіби стандарттарды бекіту туралы» Денсаулық сақтау министрінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы №46 бұйрығы)

- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Резидентура бағдарламаларының медициналық мамандықтарының тізбесін бекіту туралы» 2021 жылғы 25 мамырдағы №43 және «Медициналық және фармацевтикалық мамандықтардың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2023 жылғы 9 қаңтардағы №4 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 10 қарашадағы №164 бұйрығы).

5. Кәсіптік қызмет саласы: Денсаулық сақтау

6. Кәсіби қызмет объектілері: Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау жүйесінде стационарлық және амбулаториялық көмек көрсететін медициналық ұйымдар.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Акушерлік және гинекология кафедрасы		34/9
Білім беру бағдарламасы 7R01132 «Акушерия және гинекология (ересектер, балалар)»		28 беттің 3-беті

Жалпы мәліметтер

№	ББ мазмұндамасы	Мәліметтер
1.	Тіркеу саны	7R090100099
2.	Оқу аймағының коды мен жіктелімі	7R01 Денсаулық сақтау (медицина)
3.	Дайындау бағытының коды мен жіктелімі	7R011 Денсаулық сақтау
4.	Білім бағдарламасының тобы	7R032 Акушерия және гинекология ересектердің, балалардың
5.	Білім бағдарламасының аттары	7R01132 Акушерия және гинекология (ересектер, балалар)»
6.	БББ түрлері	Жаңартылған ББ
7.	БББ мақсаты	Біріншілік медициналық-санитарлық көмек; мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық көмек жағдайларында жеке мамандандырылған қызмет үшін дайын және қабілетті, әмбебап жүйелі, кәсіби құзыреттілік біліктілігі бар жетілдірілген акушер-гинеколог-дәрігерін даярлау
8.	МСКО бойынша деңгейі	7
9.	НРК бойынша деңгейі	7
10.	ОРК бойынша деңгейі	7
11.	БББ негізгі ерекшеліктері	Кәсіби стандарт негізінде жасалған
12.	Компетенция тізімі	КҚ1 Науқасты курациялау: клиникалық диагнозды тұжырымдай алады, емдеу жоспарын тағайындай және медициналық көмектің барлық деңгейлеріндегі дәлелді тәжірибе негізінде оның тиімділігін бағалай алады. КҚ2 Байланыс және ынтымақтастық: пациент үшін ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін пациентпен, оның айналасымен, Денсаулық сақтау мамандарымен тиімді қарым-қатынас жасай алады. КҚ3 Қауіпсіздік және сапа: медициналық көмектің қауіпсіздігі мен сапасының жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін тәуекелдерді бағалауға және ең тиімді әдістерді қолдануға қабілетті. КҚ4 Қоғамдық денсаулық сақтау: өз мамандығы бойынша Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау жүйесінің құқықтық және ұйымдастырушылық өрісі шеңберінде әрекет етуге, төтенше жағдайларда базалық көмек көрсетуге, ұлт денсаулығын нығайту саясатын жүзеге асыру үшін кәсіпқойаралық командалардың құрамында жұмыс істеуге қабілетті.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Акушерлік және гинекология кафедрасы		34/9
Білім беру бағдарламасы 7R01132 «Акушерия және гинекология (ересектер, балалар)»		28 беттің 4-беті

		КҚ5 Зерттеулер: тепе-тең болған зерттеу сұрақтарын тұжырымдай алады, кәсіби әдебиеттерді сыни тұрғыдан бағалай алады, өзінің күнделікті қызметінде Халықаралық дерекқорларды тиімді пайдалана алады, зерттеу тобының жұмысына қатыса алады. КҚ6 Оқыту және дамыту: өз бетінше білім алуға және кәсіби команданың басқа мүшелерін оқытуға, пікірталастарға, конференцияларға және үздіксіз кәсіби дамудың басқа түрлеріне белсенді қатысуға қабілетті.
13.	Оқытудың нәтижелері	ОН1 Клиникалық диагнозды құрастыру, емдік жоспарды тағайындау және акушерлік-гинекологиялық көмек көрсетудің барлық деңгейінде дәлелді тәжірибе негізінде бағалауды білу. ОН2 Науқас үшін тиімді нәтижеге қол жеткізу үшін гинекологиялық аурулармен, оларды қоршаған адамдармен, акушерлік-гинекологиялық қызмет мамандарымен қарым-қатынасты жасай білу. ОН3 Акушерлік және гинекологиялық көмектің сапасын қамтамасыз ету үшін тәуекелдерді бағалай алады және ең тиімді әдістерді қолдана алады медициналық құжаттарды, медициналық және статистикалық ақпаратты басқара алады. ОН4 ҚР-ның денсаулық сақтау жүйесіндегі ұйымдастыру мен құқықтық деңгейінде жұмыс жасай білу, «Акушерия және гинекология (ересектер, балалар)» мамандығы бойынша төтенше жағдай кезінде алғашқы медициналық көмекті көрсете білу және арнайы мамандармен бірге халықтың денсаулығын нығайту мақсатында жұмыс жасай білу ОН5 Тиісті ғылыми сұрақ жауаптарды қалыптастыру, кәсіби әдебиеттерді терең бағалау, өздерінің күнделікті акушерлік-гинекологиялық қызметінде халықаралық дерек қорларды тиімді пайдалану, зерттеу тобының жұмысына қатысу. ОН6 Өз бетінше оқуға және кәсіби топтың басқа мүшелерін оқытуға, акушерия және гинекология саласында үздіксіз кәсіби дамудың пікір таластарына, конференцияларына және де басқада нысандарына белсенді қатысуға қабілетті.
14.	Оқытудың түрі	Күндізгі
15.	Оқытудың тілі	Орысша және қазақша

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Акушерлік және гинекология кафедрасы		34/9
Білім беру бағдарламасы 7R01132 «Акушерия және гинекология (ересектер, балалар)»		28 беттің 5-беті

16.	Кредит көлемі	210 кредит
17.	Тағайындалатын академиялық дәрежесі	Дәрігер акушер-гинеколог (ересектердің, балалардың)
18.	Кадрларды дайындау үшін лицензияға өтініштің болуы	KZ36LAA00011387
19.	БББ-да аккредитацияның болуы	Ия
	Аккредитациялық ұйымның атауы	“АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ” КЕМ
	Аккредитацияның уақыт мерзімі	Резидентура 10.06.2022-09.06.2027жж.
20.	Пәндер бойынша ақпарат	Қосымша 1.2

Қосымша 1

Жалпы білім беру бағдарламасы бойынша оқу нәтижелерін қалыптастырылатын құзыреттермен байланыстыру матрицасы

	ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6
КҚ1	+		+	+	+	+
КҚ2	+	+		+	+	+
КҚ3	+	+	+		+	+
КҚ4	+	+	+	+		+
КҚ5	+	+	+	+	+	
КҚ6	+	+		+		+

Қосымша 2

Құзыреттілікке қол жеткізу/оқыту нәтижелері матрицасы

№	Пәндер атауы	Пәннің қысқаша мазмұны (30-50 сөз)	Цикл (ЖБП, НП, БеП)	Компонент (МК, ТК)	Кредиттер саны	Қалыптастырылған ОН (код)
БЕЙІНДІК ПӘНДЕР ЦИКЛІ						
1	Стационардағы акушерлік	Пәнді оқу барысында резидент стационар жағдайында жүкті, босанатын, босанған және жаңа туған нәрестелерге көмек көрсетуді ұйымдастыруды меңгереді, есеп-қисаптық	БеП	МК	63	ОН1 ОН3 ОН4



		құжаттарты толтырады, медициналық ақпараттық жүйелерді, акушериядағы дәлелді медицинаның қағидаларын біледі, клиникалық хаттамаларға сәйкес жүктілікті, босануды және босанудан кейінгі кезеңді жүргізеді, аналарға реанимациялық көмек және қарқынды терапия көрсетеді, жүктілік, босану бойынша уақытша еңбекке жарамсыздық сараптамасын жүргізеді, микробқа қарсы препараттарға төзімділік мәселесін, микробқа қарсы төзімділік туралы білім мен хабардарлықты қалыптастыратын негізгі қағидаларды, микробқа қарсы препараттарды дұрыс пайдалануын хабарлайды, инфекциялардың алдын-алу және инфекциялық бақылауға қатысады, диагностика қағидаттарын және				
--	--	--	--	--	--	--

		эпидемиологиялық қадағалауды қатаң сақтау саясатын, этиканы, көшбасшылықты, коммуникацияны және басқаруды үйретеді.				
2	Амбулаторлы гинекология	Репродуктивті жүйе ауруларының диагностикасы, емі және алдын-алу. Гинекологиялық науқастарды тексеру және емдеу. Диспансерлеу, оңалту және санаторлы-курорттық емдеу. Заманауи медициналық технологияларды қолдану арқылы кіші гинекологиялық оталарды жасау. Жүкті, босанған әйелдерді мен гинекологиялық науқастарды тексеру және емдеуде өзара іс-қимылдың сабақтастығын қамтамасыз ету. Гинекологиялық науқастарға еңбекке уақытша жарамсыздық сараптамасын жүргізу.	БеП	МК	25	ОН1 ОН2 ОН3
3	Амбулаторлы акушерлік	Пәнді оқу барысында резидент жүкті және босанатын	БеП	МК	27	ОН1 ОН2 ОН3

		әйелдерге акушерлік көмекті ұйымдастыру, отбасын жоспарлау және репродуктивті денсаулықты қорғау бойынша қызметтер көрсету, жүкті және босанған әйелдердің патронажы, фертильді жастағы әйелдерді тексеру, инфекциялардың алдын-алу және анықтау, экстрагениталды ауруларды ерте анықтау мақсатында әйелдерді профилактикалық тексеру, ҚР заңнамасына сәйкес медициналық құжаттаманы дайындау, гендерлік зорлық-зомбылық жағдайларын анықтау немесе күдіктену кезіндегі әрекет ету дағдыларын және шеберлігін меңгереді.				
4	Стационардағы гинекология	Гинекологиялық стационардың жұмысын ұйымдастыру. Стационарға жатқызудың көрсеткіштері мен тәртібі. Гинекология саласындағы қазіргі ғылыми жетістіктер. Міндетті әлеуметтік	БеП	МК	38	ОН1 ОН3 ОН4



		медициналық сақтандыру жағдайында жоғары технологиялық қызметтер көрсету. Гинекологиядағы жоғары технологиялық қызмет түрлері. Гинекологиялық ауруларды жүргізудің клиникалық хаттамалары. Жоғары медициналық технологияларды қолданумен реконструктивті-пластикалық оталар.				
5	Балалар гинекологиясы және сексуальді денсаулық	Қазақстан Республикасында балалар гинекологиясы қызметін ұйымдастыру. Гинекологиялық аурулары және репродуктивті жүйе қалыптасуының бұзылуы бар 18 жасқа дейінгі қыздарға консультациялық-диагностикалық және емдік көмек көрсету. Гинекологиялық аурулары бар қыздарды диспансерлеу. Репродуктивті жүйе мүшелерінің туа біткен даму ақаулары бар	БеП	МК	17	ОН2 ОН3 ОН4

		қыздарды диагностикалау және емдеу алгоритмі. Диагностикалық әдістер: УДЗ, МРТ, ЭКГ, ЭЭГ. Жасөспірімдерге арналған контрацепция.				
6	Онкогинекология	БМСК деңгейінде онкогинекологиялы қ аурулардың даму қаупі бар топтарды қалыптастыру. Онкогинекологиялы қ науқастарды динамикалық бақылау. Мамандандырылған медициналық көмек, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық қызметтер алу үшін онкологиялық науқастарды іріктеу және емдеуге жатқызуға жіберу. Онкогинекологиялы қ ауруларды ерте анықтауға профилактикалық тексеру. Хирургиялық ісікке қарсы препараттармен емдеу, сәулелік терапия, паллиативтік көмек.	БөП	МК	13	ОН2 ОН3 ОН5
7	Репродуктивті медицина және бедеулік	Пәнді оқу барысында репродуктивті денсаулықты қорғау	БөП	МК	17	ОН3 ОН4 ОН5



		және отбасын жоспарлауды құқықтық реттеу, Қазақстан әйелдерінің репродуктивті денсаулығын қорғау саясаты. Жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың алдын-алу және емдеу бойынша әйелдерге кеңес беру, денсаулық жағдайын бағалау, пациенттерді сауықтыру және емдеу, бедеуліктің себептерін диагностикалау. қауіп факторларын, бедеуліктің себептерін анықтау, емдеу шаралары, қосымша репродуктивті технологиялар, репродуктивті медицинадағы жасанды интеллект сұрақтары бойынша шеберлігі мен дағдылар қалыптасады.				
8	Акушерия және гинекологиядағы анестезиология және реанимация	Акушерияда анестезиологиялық-реаниматологиялық көмек көрсету. Босануды жансыздандыру. Акушерия және гинекологиядағы критикалық жағдайларды қарқынды емдеу.	БеП	ТК	4	ОН3 ОН4

		Акушерлік және гинекологиядағы инфузиялық-трансфузиялық терапия. Қағанак су маңайындағы «сладжы» бар жүкті әйелдерді емдеу. ДВС-, HELLP-, АФС. Қан жоғалтуды гематокрит, модификацияланған Моогс формуласы, Альговердің шок индексі бойынша анықтау.				
9	Гинекологиядағы гистерорезектоскопия	Заманауи технологияларды қолдана отырып гинекологиялық ауруларды ерте диагностикалау және емдеу. Жабысқақ түзілімдерді, плацента қалдықтарын, жатырішілік спиральді алып тастау, жатырдың шырышты қабығының күдікті учаскелерін биопсияны жүргізу. Жатыр түтіктері мен аналық бездердегі лапароскопиялық оталар. Қалпына келтіру-пластикалық және	БеП	ТК	4	ОН1 ОН2 ОН6



		мүше сақтаушы оталар.				
10	Акушерия және гинекологиядағы функционалды диагностика	Ұрық және кіші жамбас мүшелерінің ультрадыбыстық диагностикасы. "Ана - плацента - ұрық" жүйесіндегі доплерометрия. Кардиотокография. Гистерография. Акушиядағы электрокардиографи я. Туа біткен даму ақаулары мен ұрықтың тұқым қуалайтын ауруларының пренатальды диагностикасы. Амниоскопия. Амниоцентез. Кордоцентез. Колпоскопия. Гистероскопия. Лапароскопия. Гистеросальпингография. Маммография. Колпоскопия.	БеП	ТК	4	ОН3 ОН5
11	Жүктілік кезіндегі экстрагениталды патология.	Пәнді оқу барысында жүкті әйелдердегі тыныс алу, ас қорыту жүйесінің, қан, бүйрек, эндокриндік, жүрек-қан тамыр жүйесінің аурулары. АИТВ/ЖИТС, бауыр және өт шығару жүйесінің, ұйқы безінің, туберкулез,	БеП	ТК	4	ОН3 ОН4 ОН6

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Акушерлік және гинекология кафедрасы		34/9
Білім беру бағдарламасы 7R01132 «Акушерия және гинекология (ересектер, балалар)»		28 беттің 14-беті

	ревматизм ауруларын заманауи диагностикалау әдістері, дифференциалды диагностикалау, зерттеу нәтижелерін интерпретациялау, , диагнозды тұжырымдау, емдеу шеберлігін және дағдыларын меңгереді, жүктілікке қарыс көрсеткіштерді анықтайды.				
	Барлығы:			208	
	Қорытынды аттестаттау:			2	
	Жалпы:			210	

Кәсіптік стандарт «Акушерия және гинекология (ересектер, балалар)»

Кәсіптің карточкасы «7.2 Дәрігер акушер-гинеколог»	Міндетті еңбек функциялары:	1. Жүктіліктен тыс әйелдерде, жүктілік, босану, босанғаннан кейінгі кезеңде және балалар мен Жасөспірімдер жасындағы қыздарда Диагностика, емдеу, алдын-алу және оңалту 2. Медициналық құжаттаманы, Медициналық-статистикалық ақпаратты басқаруға қатысу
	Қосымша еңбек функциялары:	1. Шығу тегі әртүрлі бедеу әйелдерге консультациялық, диагностикалық, емдеу, профилактикалық және оңалту көмегін көрсету 2. Үздіксіз кәсіби даму
Еңбек функциясы 1: Жүктіліктен тыс әйелдерде, жүктілік, босану, босанғаннан кейінгі кезеңде және балалар мен жасөспірімдер жасындағы қыздарда	Дағды 1: Амбулаториялық жағдайда эндокриндік органдардың патологиясымен және функциясының	Машықтар: 1. Жүктілік, босану, босанғаннан кейінгі кезеңдегі әйелдерді, балалық шақтағы және жасөспірім жастағы қыздарды, гинекологиялық науқастарды зерттеп-қарау жоспарын әзірлей білу. 2. Жүктілік, босану, босанғаннан кейінгі кезеңде жиі кездесетін асқынулар анықталған кезде диагностика



диагностика, емдеу, алдын алу және оңалту	бұзылуымен байланысты аурулардың белгілерін анықтау үшін пациенттерді (ересектер, балалар) тексеру	жүргізе алу және дифференциалды диагностикалау, диагностикалық зерттеулердің нәтижелерін тағайындау және түсіндіру, АХЖ-10 сәйкес диагнозды тұжырымдай білу. 3. Әйел өмірінің әртүрлі жас кезеңдерінде жиі кездесетін гинекологиялық ауруларға диагностика жүргізу және дифференциалды диагностикалау қабілеті, оның ішінде диагностикалық зерттеулердің нәтижелерін тағайындау және түсіндіру, АХЖ-10-ға сәйкес ауру анықталған кезде диагнозды тұжырымдай білу. 4. Жүктілікке диагностика жүргізе білу. 5. Жүктілік пен босануға қарсы көрсетілімдерді анықтай білу. 6. Жүктіліктен тыс, жүктілік, босану, босанғаннан кейінгі кезеңдегі әйелдерді, балалық шақтағы және жасөспірім жастағы қыздарды жоспарлы және шұғыл емдеуге жатқызудың көрсеткіштерін анықтай білу. 7. Жүктіліктен тыс, жүктілік, босану, босанғаннан кейінгі кезеңдегі әйелдерді, сондай-ақ балалық шақтағы және жасөспірім жастағы қыздарды жоспарлы және шұғыл емдеуге жатқызу үшін іс-қағаздарын жүргізе білу. 8. Жүктіліктен тыс, жүктілік, босану, босанғаннан кейінгі кезеңдегі әйелдердегі, сондай-ақ балалық шақтағы және жасөспірім жастағы қыздардағы аурудың негізгі белгілерін анықтай білу. 9. Қазақстан Республикасының акушерия және гинекологиялық қызмет саласындағы заңнамасында көзделген медициналық құжаттаманы рәсімдей білу. 10. Жүктілік кезінде және босанғаннан кейінгі кезеңде пациенттерді қарап тексеруден өткізе білу 11. Стетоскоп, қол доплер аппараты арқылы ұрықтың жүрек соғысын тыңдай білу. 12. Бимануальды қынаптық зерттеулер жүргізе білу. 13. Сүт бездерін тексеру және пальпациялауды білу. 14. Іштің шеңберін, жатыр түбінің биіктігін өлшей білу. 15. Ұрықтың кардиотокографиясын жүргізу және бағалай білу. 16. Жүктіліктің мерзімін анықтай білу. 17. Жатыр мойнын айналарда қарап тексеруді білу 18. Бишоп шкаласы бойынша жатыр мойнының
--	---	---



жетілу дәрежесін бағалауды білу.

19. Пациенттің жағдайын бағалауды білу.

20. Таннер бойынша сүт бездерінің және жыныстық түктенудің даму дәрежесін бағалай білу.

21. Ұрықтың позициясын, түрін, қалпын және орналасқан бөлігін анықтай білу.

22. Қынаптың жағындысын, вульваның қырындысы мен жатыр мойнының қырындысын алуды білу.

23. Аспаптық зерттеу нәтижелерін түсіндіру және талдай білу.

1) амниоскопия;

2) гистеросальпингография;

3) гистероскопия;

4) кольпоскопия/ вагиноскопия/ вульвоскопия;

5) жамбас мүшелерінің компьютерлік томографиясы, оның ішінде контрастпен;

6) контрастты эхогистеросальпингоскопия;

7) ұрықтың КТГ;

8) жамбас мүшелерінің магнитті-резонанстық томографиясы, оның ішінде көктамырішілік контрастпен

9) маммография;

10) жамбас мүшелерінің ультрадыбыстық зерттеуі;

11) құрсақ қуысы мүшелерінің ультрадыбыстық зерттеуі;

12) бүйрек және зәр шығару жолдарының ультрадыбыстық зерттеуі;

13) ұрықтың және плацентаның ультрадыбыстық зерттеуі;

14) ультрадыбыстық цервикометрия;

15) жатыр плацентарлы қан ағымының доплерографиясы.

24. Жүктіліктен тыс, жүктілік, босану, босанғаннан кейінгі кезеңдегі әйелдерді, сондай-ақ балалық шақтағы және жасөспірім жастағы қыздарды мамандандырылған мамандардың кеңесіне жіберу көрсеткіштерін анықтай білу.

25. Жүктіліктен тыс, жүктілік, босану, босанғаннан кейінгі кезеңдегі әйелдерге, сондай-ақ балалық шақтағы және жасөспірім жастағы қыздарға шұғыл медициналық көмек көрсетуге медициналық көрсеткіштерді анықтай білу.

26. Жүктіліктен тыс, жүктілік, босану, босанғаннан кейінгі кезеңдегі әйелдерге, сондай-ақ балалық



шақтағы және жасөспірім жастағы қыздарға стационарда мамандандырылған, жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету үшін медициналық көрсеткіштерді анықтай білу.

27. Акушерлік пессарийді енгізу және шығара білу

28. Жатыр мойнының / вульваның / қынаптың биопсиясын жүргізе білу.

29. Эндометриялық биопсияны (трейн, раурел) жүргізе білу.

30. Эндометрияның вакуумдық аспирациясын жүргізе білу.

31. Гистероскопияны жүргізе білу.

32. Жатырды зондтауды жүргізе білу.

33. Кольпоскопия/вагиноскопия/вульвоскопия жүргізе білу.

34. Диагностика және емдеу хаттамаларына және акушерия-гинекологиялық көмек көрсету стандартына сәйкес жүктілік, босану, босанғаннан кейінгі кезеңдегі, сонымен қатар бала және жасөспірім жастағы пациенттерді емдей білу.

35. Жүктіліктен тыс, жүктілік, босану, босанғаннан кейінгі кезеңдегі әйелдерге, сондай-ақ балалық шақтағы және жасөспірім жастағы қыздарға дәрілік заттарды тағайындауға көрсеткіштер мен қарсы көрсетілімдерді анықтай білу.

36. Емдеу жоспарын әзірлей білу.

37. Жүктіліктен тыс, жүктілік, босану, босанғаннан кейінгі кезеңдегі әйелдерге, сондай-ақ балалық шақтағы және жасөспірім жастағы қыздарға дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және дәрілік емес терапияны тағайындау, тиімділігі мен қауіпсіздігін бағалай білу.

38. Жүктілік, босану, босанғаннан кейінгі кезеңдегі пациенттерге, сондай-ақ балалық шақтағы және жасөспірім жастағы қыздарға клиникалық тамақтануды тағайындай білу.

39. Өміріне қауіп төндіретін, оның ішінде инфекциялық аурулары бар пациенттерді тиісті мамандандырылған мамандарға уақытылы жібере білу.

40. Жүктілік, босану, босанғаннан кейінгі кезеңде, түсік түсіргеннен кейін, гинекологиялық аурулары бар пациенттерді операцияға дейінгі және операциядан кейінгі емдеу жоспарын жасай білу.



41. Медициналық көмек көрсету тәртібіне сәйкес, клиникалық ұсынымдар негізінде, медициналық көмек стандарттарын ескере отырып, шұғыл нысанда жүктілік, босану және босанғаннан кейінгі кезеңде пациенттерге реанимация және қарқынды терапия жөніндегі іс-шараларды жүргізуді талап ететін жағдайлар мен аурулар кезінде, хирургиялық емдеуді қажет ететін жіті гинекологиялық аурулар кезінде медициналық көмек көрсете білу.
42. Пациенттерге жүктілік, босану, босанғаннан кейінгі кезеңде, жүктілікті тоқтатқаннан кейін, медициналық көмек көрсету тәртібіне сәйкес, клиникалық ұсыныстар негізінде, медициналық көмек көрсету стандарттарын ескере отырып, медициналық манипуляциялар мен хирургиялық араласуларды тағайындау және жүргізе білу:
- 1) амниотомия;
 - 2) жатырдың бимануальды компрессиясы;
 - 3) ұрықтың вакуумды экстракциясы;
 - 4) физиологиялық босануды жүргізу;
 - 5) әйел жыныс мүшелерінің гематомасын ашу және эвакуациялау;
 - 6) әйел жыныс мүшелерінің абсцессін дренаждау;
 - 7) қынаптың, перинэяның және жатыр мойнының 1-2 дәрежелі жыртылуын тігу;
 - 8) жатырды зондтау;
 - 9) кесарь тілігі;
 - 10) консервативті миомэктомия;
 - 11) жатыр мойнын тігу және жатыр мойнынан тігістерді алу;
 - 12) ішпердеішілік қан кетуді тоқтату;
 - 13) иық дистокциясы кезінде көмек көрсету әдістері: Мак-Робертс маневрі, супрапубикалық қысым, техника;
 - 14) эпизиотомия/перинеотомия;
 - 15) жатыр мойны каналының кеңеюі;
 - 16) жатыр қуысы мен жатыр мойны каналын бөлек қырып тазалау;
 - 17) босанғаннан кейінгі жатырды қолмен тексеру;
 - 18) плацентаны қолмен ажырату және қағанақтың бөлінісі;
 - 19) фаллопий түтіктерін зарарсыздандыру лапаротомиясы;
 - 20) лапаротомиялық қосалқылары бар немесе онсыз



толық гистерэктомияға (жатырдың экстирпациясы) немесе субтотальды гистерэктомияға (жатырдың ампутациясы) көмек көрсету;

21) аналық без кистасын және параовариальды кистаны алып тастау.

43. Гинекологиялық аурулары бар пациенттерге медициналық манипуляциялар мен хирургиялық араласуларды орындай білу:

- 1) вагинальды тірек сақинасын (пессарий) енгізу, алу;
- 2) жатырішілік спиральді енгізу және алып тастау;
- 3) жатыр төмен түскенде жатырды түзету;
- 4) әйел жыныс мүшелерінің гематомасын ашу және эвакуациялау;
- 5) гистеросектоскопия;
- 6) әйел жыныс мүшелерінің абсцессін дренаждау;
- 7) қынаптың, перинэяның және жатыр мойнының жыртылуын тігу;
- 8) жатырды зондтау;
- 9) жүктілікті жасанды тоқтату (аборт), оның ішінде медициналық түсік түсіру;
- 10) эндометриоз ошақтарын кесу;
- 11) миомэктомиялық лапаротомия немесе бейне эндоскопиялық технологияларды қолдану;
- 12) құрсақішілік қан кетуді тоқтату;
- 13) жатырдың және қынаптың қабырғаларының пролапсы бар операцияларға көмек;
- 14) қынаптың артқы тесіктерін пункциялау;
- 15) жатырішілік бірігуді ажырату;
- 16) әйел жыныс мүшелерінің бірігуін бөлу және кесу;
- 17) қыздық перденің бөлінуі;
- 18) кіші еріндердің синехиясын бөлу;
- 19) жатыр мойны каналының кеңеюі;
- 20) Жатыр қуысының және жатыр мойны каналының ЖДҚ (жеке диагностикалық қыру);
- 21) аналық безді резекциялау немесе оофорэктомия, немесе сальпинго-оофорэктомия, лапаротомия немесе бейне эндоскопиялық технологияларды қолдану;
- 22) сальпинэктомия немесе сальпингостомия лапаротомиясы немесе бейне эндоскопиялық энергияны қолдану (соның ішінде жатырдан тыс жүктілікте);



23) лапаротомия немесе бейне эндоскопиялық технологияларды қолдану арқылы жатыр түтіктерін зарарсыздандыру;

24) қосымшалар лапаротомиясы бар немесе онсыз немесе бейне эндоскопиялық технологияларды қолдана отырып, толық гистерэктомияға (жатырдың экстирпациясы) немесе субтотальды гистерэктомияға (жатырдың ампутациясы) көмек көрсету;

25) қынаптан бөтен денені алып тастау;

26) лапаротомия немесе бейне эндоскопиялық технологияларды қолдану арқылы аналық без кистасы мен параовариальды кистаны алып тастау;

27) лапаротомия немесе бейне эндоскопиялық технологияларды қолдану арқылы жатыр түтігінен ұрық жұмыртқасын алу;

28) әйел жыныс мүшелерінің полипін жою;

29) жатыр қабырғасының зақымдалуын тігу;

30) қуықтың зақымдалуын тігу;

31) аналық бездің жарылуы.

44. Пациенттердің өміріне қауіп төндіретін, оның ішінде клиникалық өлім (адам организмнің өмірлік маңызды функцияларын (қан айналымы және (немесе) тыныс алуын тоқтату)) жағдайларда пациенттерге шұғыл медициналық көмек көрсете білу.

45. Өмірге қауіп төнген жағдайда шұғыл көмек көрсете білу.

46. Қолданыстағы күтім стандарттарына сәйкес жасына байланысты анатомиялық және функционалдық ерекшеліктерін ескере отырып, гинекологиялық аурулары бар балаларды тексеру және тексеру әдістерін қолдана білу:

- 1) дене салмағының индексін (бұдан әрі - ДСИ) және стандартты ауытқуларды есептеуді қоса алғанда, антропометрияны жүргізу;
- 2) тері мен шырышты қабаттарды тексеру;
- 3) Таннер шкаласы бойынша жыныстық даму сатысын анықтау;
- 4) Прадер шкаласы бойынша сыртқы жыныс мүшелерінің вирилизациясын анықтау;
- 5) әйел жыныс мүшелерінің ауытқуларын анықтау;
- 6) тік ішек арқылы анасының қатысуымен қызды арнайы гинекологиялық тексеруден өткізу;

- 7) қынаптан бөтен денені алып тастау;
 - 8) тазалық үшін тампон алу;
 - 9) кәмелетке толмаған пациентке анонимді кеңес беру және контрацепция, шұғыл контрацепция, ұрпақты болу денсаулығы, ЖЖБИ мәселелері бойынша қызметтерді көрсету;
 - 10) кәмелетке толмаған науқасқа медициналық және хирургиялық түсік, олардың артықшылықтары мен асқынулары бойынша анонимды кеңес беру;
 - 11) ана мен қызға жеке интимдік гигиена негіздерін үйрету.
- Білімдер:**
1. Қалыпты, топографиялық және патологиялық анатомияны, қалыпты және патологиялық физиологияны, биохимиялық және ересек жасты білу.
 2. Өмірдің әртүрлі кезеңдеріндегі әйелдердегі негізгі клиникалық және зертханалық белгілер мен синдромдарды білу.
 3. Әйел өмірінің әртүрлі жас кезеңдеріндегі ең көп таралған аурулардың этиологиясын, патогенезін, жіктелуін, клиникалық көріністерін, диагностикасын білу.
 4. Әйел өмірінің әртүрлі жас кезеңдерінде стандартты сауалнама және физикалық тексеру схемасын білу.
 5. Диагноз қою үшін әйел өмірінің әртүрлі жас кезеңдеріндегі тексеру әдістерін білу.
 6. Дене сұйықтықтарының зертханалық мәліметтерін білу қалыпты және әйелдерде жиі кездесетін патологияларөмірдің әртүрлі жас кезеңдерінде.
 7. Адам ағзасының жас ерекшеліктерін және оның функционалды жүйелерін білу.
 8. Жоспарлы және шұғыл емдеуге жатқызу көрсеткіштерін білу.
 11. Жүктіліктен тыс әйелдерде, жүктілік, босану, босанғаннан кейінгі кезеңде және балалар мен Жасөспірімдер жасындағы қыздарда қолданылатын аспаптық, зертханалық және функционалдық тексеру әдістерін білу.
 12. Пациенттерді жүктілік кезеңінде, босанғаннан кейін және гинекологиялық аурулармен зертханалық және аспаптық бағыттауға арналған көрсеткіштерді білу.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Акушерлік және гинекология кафедрасы		34/9
Білім беру бағдарламасы 7R01132 «Акушерия және гинекология (ересектер, балалар)»		28 беттің 22-беті

	13. Жүктілік кезінде, босанғаннан кейінгі кезеңде және гинекологиялық ауруларда пациенттерді тексеру, зертханалық және аспаптық зерттеулердің нәтижелерін түсіндіруді білу. 14. Жүктілік кезінде, босанғаннан кейінгі кезеңде және гинекологиялық ауруларда пациенттерді бейінді дәрігерлерге консультацияға жіберу үшін көрсеткіштерді білу. 15. Акушерлік асқынулар мен гинекологиялық аурулардың дифференциалды диагностикасын білу. 16. Жүктілік, босану кезеңінде, босанғаннан кейінгі кезеңде және гинекологиялық ауруларда пациенттерге жедел медициналық көмек көрсету көрсеткіштерін білу. 17. Гинекологиялық ауруларды емдеу әдістерін білу. 18. Көмекші репродуктивті технологияларды қоса алғанда, бедеулікті емдеу әдістерін білу 19. Жүктілікті жасанды түрде тоқтату жолдарын білу. 20. Бедеулікті емдеу әдістерін, соның ішінде art-ны білу. 21. Жүктілікті жасанды түрде тоқтату жолдарын білу. 22. Өздігінен және жедел босану принциптерін, медициналық көрсеткіштерді және өздігінен және жедел босануға қарсы көрсеткіштерді білу. 23. Жүктілікті, босануды және босанғаннан кейінгі кезеңді, оның ішінде соматикалық және жұқпалы аурулары бар пациенттерді басқару принциптерін білу. 24. Акушерлік асқынуларды, соның ішінде жүктілік, босану және босанғаннан кейінгі кезеңдегі шұғыл жағдайларды емдеу әдістерін білу. 25. Жаңа туған нәрестелер мен әйелдерге реанимациялық көмек көрсетуді білу. 26. Шұғыл түрде медициналық көмек көрсетуді талап ететін пациенттердің өміріне қауіп төндіретін жағдайларды білу 27. Клиникалық симптоматологияны және дифференциалды-диагностикалық белгілерді білу: жүректің тоқтауы, анафилактикалық шок, асфиксия, естен тану, коллапс, эпилепсиялық ұстама, қан кету, қан кету, ингаляция және бөгде денелерді жұту, гипогликемия, диабеттік кома, гипертониялық криз.
--	---

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Акушерлік және гинекология кафедрасы		34/9
Білім беру бағдарламасы 7R01132 «Акушерия және гинекология (ересектер, балалар)»		28 беттің 23-беті


	Дағды 2: Әйелдердің әртүрлі жас кезеңдерінде және жүктіліктің, босанудың және босанғаннан кейінгі кезеңнің асқынуларында гинекологиялық аурулардың алдын алуды ұйымдастыру	Машықтар: 1. Әртүрлі жас кезеңдеріндегі әйелдердің гинекологиялық ауруларының профилактикасын ұйымдастыру және жүргізе білу. 2. Жүктілік, босану, босанғаннан кейінгі кезеңдегі асқынулардың профилактикасын ұйымдастыру және жүргізе білу. 3. Пациенттермен өнімді коммуникативті қарым-қатынас орнату және бұл дағдыны консультациялар кезінде қолдана білу. 4. МСАК жағдайында скринингтік бағдарламалардың нәтижелерін жоспарлау, жүргізу және талдай білу. Білімдер: 1. Акушер-гинеколог дәрігердің клиникалық тәжірибесінде дәлелді медицинаны білуі. 2. Әйел өмірінің әртүрлі жас кезеңдерінде, сондай-ақ жүктілік, босану, босанғаннан кейінгі кезеңдерінде әйелдердегі әртүрлі аурулардың профилактикасына қатысты заманауи зерттеулердің нәтижелерін білуі.
	Дағды 3: Әйелдердің әртүрлі жас кезеңдерінде және жүктіліктің, босанудың және босанғаннан кейінгі кезеңнің асқынуларында оңалту іс-шараларын ұйымдастыру	Машықтар: 1. Әйелдердің әртүрлі жас кезеңдеріндегі оқиғаларды және жүктілік, босану және босанғаннан кейінгі кезеңдегі асқынуларды психологиялық және физикалық сауықтыруды ұйымдастыра білу. 2. Әйелдердің әр түрлі жас кезеңдеріндегі, жүктілік және босанғаннан кейінгі кезеңде, сондай-ақ әйелдердің кәсіби, әлеуметтік-экономикалық сауықтыру шараларын ұйымдастыру бойынша кеңес бере білу. Білімдер: 1. Акушер-гинеколог дәрігердің клиникалық тәжірибесінде дәлелді медицинаны білуі. 2. МСАК жағдайында пациенттерді оңалту шараларын білуі. 3. Әйелдердің әртүрлі жас кезеңдерінде және босанғаннан кейінгі кезеңде оңалтуға қатысты заманауи зерттеулердің нәтижелерін білуі



Еңбек функциясы 2: Медициналық құжаттаманы, Медициналық-статистикалық ақпаратты басқаруға қатысу	Дағды 1: Нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес медициналық құжаттаманы жүргізу, медициналық-статистикалық ақпаратты талдау	Машықтар: 1. Жұмысты жоспарлау және өз қызметінің көрсеткіштерін талдай отырып есеп жасау. 2. Медициналық құжаттаманы, оның ішінде электрондық түрде жүргізу және оны жүргізу сапасын бақылау. 3. Бейінді медициналық бөлімше жұмысының Медициналық-статистикалық көрсеткіштеріне талдау жүргізу. 4. Жұмыста пациенттердің дербес деректері мен мәліметтерін заңнамаға сәйкес пайдалану. 5. Ақпараттық жүйелерді белгіленген тәртіпке сәйкес пайдалану. Білімдер: 1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы №ҚР ДСМ-175/2020 <u>бұйрығы</u>. "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы"(Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 4 қарашада №21579 болып тіркелді.) 2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 22 желтоқсандағы №ҚР ДСМ-313/2020 <u>бұйрығы</u>. "Денсаулық сақтау саласындағы есептік құжаттама нысандарын бекіту туралы"(Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 23 желтоқсанда №21879 болып тіркелді.) 3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 10 желтоқсандағы №ҚР ДСМ-244/2020 <u>бұйрығы</u> "Бастапқы медициналық құжаттаманы жүргізу және есептерді ұсыну қағидаларын бекіту туралы" (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 11 желтоқсанда №21761 болып тіркелді.) 4. Электрондық есепке алу және құжаттау жүйелері. 5. Пациенттердің медициналық ақпаратының құпиялылығы. 6. Медициналық статистика негіздері дағдыларын тану ұсынылады
Қосымша еңбек функциясы 1: Шығу тегі әртүрлі	Дағды 1: Бедеу ерлі-зайыптыларды	Машықтар: 1. Зертханалық және аспаптық зерттеу әдістерін жүргізу және/немесе түсіндіре білу:

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Акушерлік және гинекология кафедрасы		
Білім беру бағдарламасы 7R01132 «Акушерия және гинекология (ересектер, балалар)»		34/9 28 беттің 25-беті

бедеу әйелдерге консультациялық, диагностикалық, емдеу, профилактикалық және оңалту көмегін көрсету	және/немесе жеке тұлғаларды амбулаториялық негізде және ҚРТ клиникаларында тексеру және емдеу.	1) тік ішек температурасын өлшеу немесе 2-3 етеккір циклі ішінде овуляция сынамасын жүргізу; 2) қандағы гормондарды ИФТ (имунноферменттік талдау) әдісімен анықтау: циклдің 21-23-ші күнінде тұрақты етеккірі бар әйелдерде прогестерон. ФҚГ, ЛГ әйелдерде олигоменорея/аменорея кез келген күні немесе гестагандар тудырған етеккірдің 2-4 -ші күні. Циклдің 4-7 күнінде гиперан-дрогенизмнің клиникалық белгілері бар әйелдерде тестостерон. Қалқанша безінің патологиясы бар әйелдерде ТТГ, Т4бос, Anti TPO (тұрақты етеккірі бар әйелдерде циклдің 4-7-ші күні, олигоменорея/аменореясы бар әйелдерде кез келген күні); 3) онкоцитологияға жағынды (жатыр мойнының эктопиясы болған кезде); 4) кольпоскопия (жатыр мойнының эктопиясы болған кезде); 5) бас сүйегінің КТ немесе МРТ (гиперпролактемиямен, қандағы ФҚГ концентрациясы төмен); 6) сүт безінің УДЗ (сүт бездерінде пальпация кезінде өзгерістер анықталса); 7) қалқанша безінің УДЗ (егер қалқанша безді пальпациялау кезінде өзгерістер анықталса); 8) циклдің 21-23 күндері тұрақты етеккірі бар әйелдерде сары дененің қызметін диагностикалау мақсатында кейіннен гистологиялық зерттеу жүргізе отырып, эндометрияның биопсиясы; 9) циклдің 6-8-ші күнінде гистероскопия (жатыр қуысының және эндометрияның патологиясына күдік болғанда); 2. Бедеулікті емдеудің хирургиялық әдістеріне көрсеткіштер мен қарсы көрсетілімдерді анықтай білу. 3. Қосалқы репродуктивті технологиялар бойынша пациенттерді таңдау және тексере білу: 1) аналық бездің қорын бағалау; 2) фолликулогенезді және эндометрияның дамуын бақылауды қоса, суперовуляцияны индукциялау; 3) аналық без фолликулаларының пункциясы; 4) ооциттерді ұрықтандыру және эмбриондарды in vitro (ин витро) өсіру; 5) эмбриондарды жатыр қуысына орналастыру; 6) ынталандырылған етеккір циклінің лютеальды
--	---	--

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Акушерлік және гинекология кафедрасы		34/9 28 беттің 26-беті

фазасын қолдау.

4. Ынталандыру схемасын, енгізілген препараттарды, дозаны түзетуді және суперовуляцияны индукциялау хаттамасындағы өзгерістерді таңдай білу.
5. Ультрадыбыстық бақылау жүргізе білу.
6. Гормоналды мониторинг жүргізе білу.
7. Фолликулалардың жетілу дәрежесін анықтай білу.
8. Аналық без фолликулаларын пункциялау және ооциттерді сора білу.
9. Күйеуінің немесе донордың ұрығын дайындай білу.
10. Алынған ооциттердің сапасын бағалай білу.
11. Эмбриондарды жатыр қуысына тасымалдауды жүзеге асыра білу.
12. ЭКҰ кезінде мүмкін болатын асқынулардың алдын алу және дер кезінде түзетуді жүзеге асыра білуі мыналар болып табылады:
 - 1) аналық бездердің гиперстимуляция синдромы;
 - 2) суперовуляцияны қоздыратын және ынталандырылған етеккір циклінің лютеальды фазасын қолдайтын препараттарды енгізуге байланысты аллергиялық реакциялар;
 - 3) анестезияға арналған препараттарды енгізуге байланысты аллергиялық реакциялар;
 - 4) сыртқы және ішкі қан кетулер;
 - 5) әйел жыныс мүшелерінің жедел қабынуы немесе созылмалы қабынуының өршуі;
 - 6) жатырдан тыс жүктілік;
 - 7) көп ұрықты және гетеротопты жүктілік.
13. Эмбриондарды редукциялауды жүзеге асыра білу.
14. Эмбриондарға трансвагинальды қолжетімділікті қамтамасыз ете білу.
15. ҚРТ мәселелері бойынша ерлі-зайыптыларға консультациялық-диагностикалық көмек көрсете білу.
16. МӘМС жүйесінде ЭКҰ өткізуге құжаттама дайындай білу.
17. Имплантацияға дейінгі генетикалық диагностиканы жүргізу және интерпретациялауды білу.
18. Суррогат ана болуға көрсеткіштер мен қарсы көрсетілімдерді анықтай білу.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Акушерлік және гинекология кафедрасы		34/9
Білім беру бағдарламасы 7R01132 «Акушерия және гинекология (ересектер, балалар)»		28 беттің 27-беті

		19. Жасанды ұрықтандыруды жүргізе білу. Білімдер: 1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы №ҚР ДСМ-303/2020 <u>бұйрығы</u> "Денсаулық сақтау саласындағы мамандарға қосымша және формальды емес білім беру қағидаларын, денсаулық сақтау саласындағы қосымша және формальды емес білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарын, сондай-ақ қосымша және формальды емес білім беру арқылы денсаулық сақтау саласындағы мамандар алған оқудың нәтижелерін тану қағидаларын бекіту туралы" (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 22 желтоқсанда №21847 болып тіркелді.) 2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы №ҚР ДСМ-283/2020 <u>бұйрығы</u> "Денсаулық сақтау қызметкерлерінің үздіксіз кәсіптік даму нәтижелерін растау қағидаларын бекіту туралы" (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 22 желтоқсанда №21843 болып тіркелді) 3. Өзінің кәсіби саласындағы әріптестерімен желілік өзара әрекеттесу және қарым-қатынас мүмкіндіктері. 4. Мамандандырылған саладағы ағымдағы тенденциялар, зерттеулер және әзірлемелер
Қосымша еңбек функциясы 2: Үздіксіз кәсіби даму	Дағды 1: Кәсіби жетілдіруге ұмтылу	Машықтар: 1. Кәсіби оқыту іс-шараларына қатысу: конференциялар, семинарлар, вебинарлар, біліктілікті арттыру курстары. 2. Академиялық және ғылыми қызметке қатысу. 3. Денсаулық сақтау мәселелерін талқылау, әріптестермен тәжірибе алмасу бойынша кәсіби қауымдастықтардың, комитеттердің және жұмыс топтарының жұмысына қатысу.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA - 1979 -	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Акушерлік және гинекология кафедрасы			34/9
Білім беру бағдарламасы 7R01132 «Акушерия және гинекология (ересектер, балалар)»			28 беттің 28-беті

	Білімдер: 1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-303/2020 бұйрығы "Денсаулық сақтау саласындағы мамандарға қосымша және формальды емес білім беру қағидаларын, денсаулық сақтау саласындағы қосымша және формальды емес білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарын, сондай-ақ қосымша және формальды емес білім беру арқылы денсаулық сақтау саласындағы мамандар алған оқудың нәтижелерін тану қағидаларын бекіту туралы" (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 22 желтоқсанда № 21847 болып тіркелді.) 2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-283/2020 бұйрығы "Денсаулық сақтау қызметкерлерінің үздіксіз кәсіптік даму нәтижелерін растау қағидаларын бекіту туралы" (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 22 желтоқсанда № 21843 болып тіркелді) 3. Өзінің кәсіби саласындағы әріптестерімен желілік өзара әрекеттесу және қарым-қатынас мүмкіндіктері. 4. Мамандандырылған саладағы ағымдағы тенденциялар, зерттеулер және әзірлемелер дағдыларын тану ұсынылады.
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Эмпатия Қарым-қатынас Төзімділік және құрмет Адаптивті көшбасшылық және топтық жұмыс Стресске төзімділік Рефлексия және интроспекция Кәсіби этиканы сақтау Ашықтық және оқуға дайын болу Белсенділік және бастамашылық Кәсіби дамуға ұмтылу

Оқу-әдістемелік орталықтың басшысы Оқу Б.З. Догтаева

